

2020 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 169 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 ақпанда № 7257 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 17583 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2020 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б. Намаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Искаков

Қызылорда облысының әкімі 2020 жылғы 13 ақпаны № 169 қаулысымен бекітілген

2020 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Тауарлы балық өсіру өнімінің түрлері	субсидия көлемдері	
		тонна	мың теңге
1	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандары	10,0	4200,0